



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ  
ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ  
МҰРАЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

*атты тақырыпта өтетін тарих ғылымдарының докторы,  
профессоры Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция*

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Алматы, 6 мамыр, 2016 ж.*

**I бөлім**

**МАТЕРИАЛЫ**

*международной научно-практической конференции*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА:  
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»,**

*приуроченной к 70-летию  
профессора кафедры археологии, этнологии и музеологии,  
доктора исторических наук Мадияра Елеуова*

*Алматы, 6 мая 2016 г.*

**Часть I**

**MATERIALS**


*of international scientific and practical conference*

**«ACTUAL PROBLEMS of HISTORICAL and  
CULTURAL HERITAGE of KAZAKHSTAN:  
PAST, PRESENT AND FUTURE»**

*dedicated to 70-th anniversary of Professor  
of Department of Archeology, Ethnology and Museology,  
doctor of historical sciences Madiyar Eleuov*

*Almaty, 6 may, 2016*

**Part I**



МАЗМҮНІ / СОДЕРЖАНИЕ

ЕСТЕЛІКТЕР / ВОСПОМИНАНИИ

Шәлекенов У.Х. Лаборанттан профессорлыққа жеткен ғалым .....	3
Мәшімбаев С.М. Ғылым мен білімнің киелі отауындағы археолог-тарихшы Мадияр Елеуов туралы .....	5
Алдабергенов Н.О. Арлы археологтың жолы .....	6
Төлеубаев Ә.Т. Мен білетін Мәкен .....	7
Самашев З. Мадиярдың Мерейтойына .....	11
Құрманкүлов Ж. Нағыз археолог-ғалым .....	12
Нұржаубайұлы Қ. Орындалған арман .....	14
Көкебаева Г.К. Зиялы азамат, Білгір ғалым, қамқор әке .....	16
Калыш А.Б. Я знаю Мадияра Елеуова со студенческих лет .....	19
Кәрібаев Б.Б. Ұстаздың онегелі өмірі .....	21
Абдуалы А, Серікбаев Е, Ыбырайым А. Ұлы дала ұлықтаушысы .....	25
Қалшабаева Б.К. Ұстаз мерейі – М.Е. Елеуов 70-жаста! .....	27
Қожа М. Археолог-ұстаз Мадияр Елеуов .....	29
Тәжекеев Ә. Ә. Мадияр Елеуов – Сыр өңірі археологиясының жанашыры .....	31
Тұяқбаев М.Қ. Мадияр ағаның маман ретіндегі көрегендігі .....	34
Картаева Т. Өз ісінің ұстасы .....	36
Сайлан Б. Мейірімді Мадияр аға! .....	40
Телеуова Ә.Т. Ұлағатты ұстаз .....	41
Көшекбаев Ә.Д. Тамыры терең тағлым .....	41
Қартабаева Е.Т. Ұлағатты ұстаз жайында бірер сөз .....	44
Мургабаев С., Бахтыбаев М. Қазақ мұрасының жанашыры Мадияр Елеуұлы Елеуов .....	45
Есжан Е. Көне даланың құпия сырын зерттеуші .....	46
Ибадуллаева З.Ө. М.Е. Елеуов – қазу-дегі ең алғашқы ұстаздарымның бірі .....	47
Ақымбек Е.Ш. Тарихты топырағынан таныған .....	48
Өсеров Т.О. Ұлағатты ұстаз жайлы бір ой .....	50
Арынов Қ.С. Ұлағатты ұстаз ізімен .....	51
Ахантаева Ә.Ж. Ғалым. Ұстаз. Қайраткер .....	52
Ноянов Е.Н. Маған аыстық» адам .....	56

**М. ЕЛЕУОВ – ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ /  
М. ЕЛЕУОВ – АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНСКОЙ АРХЕОЛОГИИ**

Омарбеков Т. Профессор М.Е. Елеуов және Талас алқабының тарихи ескерткіштері .....	58
Мұхатова О.Х. Мадияр Елеуов және ескерусіз қалған ескерткіш .....	60
Жолдасбаев С. Археологтардың жанайқайы .....	64
Кәрібаев Б.Б. Профессор М. Елеуұлы жариялаған тарихи аңыздар жөнінде .....	67
Талеев Д.А. Мадияр Елеуұлының Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүргізген зерттеулері .....	71
Есенов С.Ф. М. Елеуұлының Шу, Талас өңірінде жүргізген зерттеулері .....	75
Нуржанов А.А. Профессор М. Елеуов исследователь средневековых городов Казахстана .....	82
Мейірбеков М.Б., Апашева С.Н. Профессор М. Елеуов және ортағасырлық Үтіртөбе қаласы .....	83
Ерғазы Қ.Е. Археолог-ғалым Мадияр Елеуовтің қазақстан ескерткіштерін сақтаудағы ролі .....	88
Көпеева М. Профессор М. Елеуовтың қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жүргізген зерттеулері .....	89

**ЕЖЕЛГІ ДӘУІР АРХЕОЛОГИЯСЫ / ПЕРВОБЫТНАЯ АРХЕОЛОГИЯ**

Бексеитов Г.Т., Оспанов Е.Б. Х.А. Алпысбаевтың өмір жолы, қоғамдық қызметі мен ғылыми дара жолы .....	92
Искаков Г.Т. Археологические памятники Мугоджар и Северного Приаралья .....	94
Железняков Б.А. Новые изображение на скалах Тамгалы .....	99
Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Нурханов Б. Исследования проведенные в 2012 году на могильнике шербай I .....	104
Үмітқалиев Ү.Ү. Асық бабаның ойыны емес бабаның мұрасы .....	111
Айтқұл Х.А., Осеров Т.О. Ерте темір дәуірінің қола айналары .....	116
Никифорова Н.В. Страницы истории Памятидарского Прииртышья в археологических памятниках .....	119
Утубаев Ж.Р. Бәбіш Молла бағиендегі көзешілер елді мекені .....	123
Сала Р, Деом Ж-М., Пигматона С., Дидо Кю, Куботи Ж. Изучение изменения озера бабаниш: прошлое, настоящее, будущее .....	127
Чадамба Л.Д. Проблемы сохранения наскального искусства Тувы .....	136

Мадияр Елеуұлы Елеуовтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде атқарған ғылыми, оқу-тәрбиелік жұмыстары мемлекетіміз тарапынан жоғары бағаланып, көптеген ордеидер, медальдар мен тосбелгілермен марапатталған. Тарих ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры, «Еңбек сіңірген қайраткер», ҚР Президентінің құрмет грамотасымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Үздік оқытушы» атағының иесі атанған. Атап өткелі отырған мерейтой тек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін ғана емес, республика көлемінде үлкен маңызға ие десек, артық айтқандық емес.

Бүгінде университетте ұлағатты ұстаз, білікті ғалым ретінде еңбек етіп келеді. Ғалым әрі педагог Мадияр Елеуұлы әкімшілік директорлық қызметті де абыроймен атқарған, әлі де атқарып келеді. Ол кісінің іскерлігі ғылыми-методикалық, ғылыми-зерттеушілік және ұйымдастырушылық жұмыстары негізінде көрінеді.

Қазіргі таңда М. Елеуовтің мектебінен өткен шәкірттері еліміздің университеттерінде, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында жұмыс істеп жүр, олардың арасында ғылым кандидаттары мен докторлары бар.

Университет қабырғасында Мадияр ағамызбен ұстаз бен шәкірт болып танысқан біздер қазіргі таңда сол сыйластығымыз жалғасып біріміз аға біріміз қарындас болып жалғасын табуда. Мен әрі ұстазым, әрі ағам Мадияр Елеуұлына деніне саулық, отбасына бақыт, жеңгемізбен бірге ұл-қыздарының, немере-шөберелерінің қызығын көріп Аллахтың берген жасын жасап, еңбегіңіздің жемісін көріп, әлдеде алда бізге берер ғылым жолындағы жаңалығыңыз көп болсын деймін.

**Е.Н.Ноянов**

### **МАҒАН «ЫСТЫҚ» АДАМ**

Мамыр айында өзінің саналы ғұмырын археологияға соның ішінде қазақ халқының ортағасырлық отырықшылық мәдениетіне арнап келе жатқан көрнекті қазақ археологы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуұлы Елеуов 70 жастық мерейтойын атап өткелі отыр.

Мен 1981 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, екі жыл жұмыс істеп, арасында екі жыл әскер қатарында болып, 1985жылықарашаңырақ – бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетіне оқуға түстім. Ол жылдары Алматы қаласы қазіргідей қазақы қала еместін. Біз оқыған 1985-1990 жылдар КСРО-дағы «дүрбелең жылдарға» толы кезең болатын. 1985 жылы КСРО-ғы билік партиясы КОКП-ның бірінші хатшылығына М.С.Горбачев келіп, елде демократиялық жолға түсу бағытындағы оң шаралар жүргізіле бастады. Бұл реформалар кезеңі тарихта «қайта құру», «жариялылық» атымен қалды. Елдің демократиялық жолға бет бұруы кезеңінде студенттер, әсіресе гуманитарлық мамандықтарда оқитын студенттер белсенділік танытты. «Өмір көріп келген» біздер оқу үрдісіне бірден ден қойып, білім алуға кірістік. Алайда қазақ топтарында оқитын біздерге барлық пәндер қазақ тілінде оқытылмайтын. Әсіресе, Азия мен Африка елдері тарихы, Еуропа мен Америка елдері тарихы кафедрасы оқытушыларының дені дәрістерін орыс тілдерінде жүргізетін. Алдымен әскерде, соңынан «жариялылық» кезінде ұлттық сана-сезімдерімі оянған студенттер көбіне төл тарихымызға деген қызығушылықтарымыз басым болатын. Сондай кезеңде, дұрыс бағдар беретін, қамқор ағайларымызда аса көп емес еді.

Бірінші курстың I семестрінде біз бірден Мадияр ағайымыздың қарауына түстік. Ол кісі алдымен «Алғашқы қоғам тарихы» пәнінен дәріс жүргізді. Алғашқы сабақтан кейін-ақ оқитын пәніміз туралы түсінігіміз қалыптасты. Бұл өзі өте қызықты пән болатын. Адамзаттың қалыптасуы, қоғам мен этностың дамуы, алғашқы адамдардың дүние танымы және т.б. мәселелер қарастырылатын. Басында айтып кеткенімдей Алматы қаласы ол жылдарда «орысшалау» қала болатын. Сондай жағдайда Мадияр ағайымыз тек қана ұстаз ғана емес, қамқоршы ағамыз болатын. Ол кісі университетте оқуымыздың басты мақсатына – әке-шешенің сенімін ақтау ғана емес, елімізге қажет маман болу керек екенімізді есімізге салып отыратын. Жалпы барлық курстардағы қазақ тобы студенттері Мадияр Елеуұлына қамқоршы, ақылшы «көке» ретінде қарайтын. Сонымен бір мезгілде, ағайымыз тым қазақыда адам емес еді. Пәнге деген талапты өте жоғары қоятын. Білімдіде барлық сұрақтарына жоғары деңгейде жауап бергенде ғана бағалап қоятын. Курсты оқу барысында жазда практика кезінде

Ақтөбе қаласын қазуға барамыз» деп қызықтырып қоятын. Көз алдымызға қиялдағы ортағасырлық елестейтін. Ол кісінің принципиалдығын Ақтөбе қаласына археологиялық қазба жұмысына барғанда көзімізді жеткіздік. Біздер Кәрібаев Берекет екеуіміз қазба жұмысына басқа курстарымызға карағанда бір апта бұрын бардық. Өйткені, біздер археологиялық экспедицияның мүшелері болатынбыз. Практика барысында 101 топ студенттері Мадияр Елеуұлының жетекшілігімен қаланың цитаделін қазуға болінді. Ол топта қазіргі ҚР ҰҒА-ның коореспондент-мүшесі Берекет Кәрібаев, факультет деканы Арман Жұмаділдер оқитын. Мен старосталық ететін 102 топ студенттері археолог Нұртаза Алдабергеновтің жетекшілігімен су қоймасына жақын орналасқан жұбайхананың орнын қазатын болдық. Біздің жетекшіміз Нұртаза ағай жұмсақтау адам болатын. Ал Мадияр Елеуұлы жетекшілік ететін 101 топ студенттерінің жұмыс кестесіне сай қызу жұмыс істеп отырғандығы сол тұстан шыққан шаңнан көрінетін. Кей кездерде таңертеңгі немесе түскі ас дер кезінде дайын болмайтын кездерде болатын. Ондай кезде Мадияр ағайымыз тамақты күтпей бекетке қарай аяндай беретін. Ол кісіге бөлінген студенттерде артынан ілесетін.

Кейіннен Мадияр Елеуұлы ағайымыздан «Археология» пәнінен жалпы курс, ал сол кафедрада міндетті «Ортағасырлық Қазақстан археологиясы» курстарын тыңдадым. Пәнге деген қызығуым бірден туындайды қойған жоқ. Шынын айтсам, әуелде «тарих» мамандығында мұндай пәннің оқытылатынын білгенімде жоқ. Алайда ағайымыздың дәрістері қызықты өтетін. Бүгінгі күнге дейін есімізде сақтап жүрген түрлі археологиялық терминдер, ортағасырлық қаланың түрлері мен қалыптасуымен сол кісінің дәрістерін тыңдап білген едік. Студенттерде ол кісіні жақсы көретін. Көп мезгілде талпынған емтихан кезінде «үштік» бағасын көп қоймайтын. Қазір ойлансыз қарасам, қандай келген балалар стипендиясыз қалмасын деп қолдаған екен ғой.

Мадияр Елеуұлының менің жеке отбасымменде «қатысты жерлері» де болатын. Менің жұбайым Мүршатовна Лиза ол кісінің жетекшілігімен курстық жұмыстар, ал 5-ші курста диплом жұмысына қатысты. Жұбайым археология және этнология кафедрасының лабораториясында отырып ол кісінің әр бір жұмыстарына қатысты археологиялық жұмыстары бойынша жазылған Есептерін конспектілеп, мәлімет жинап отырған. Тақырыбы да «қақпақтармен ...» байланысты күрделі мәселе болатын. Келесі бір мезгілде ағайымыз ол кісінің мен туып өскен Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында археологиялық жұмыстарын жүргізуімен байланысты еді. Кезекті бір экспедиция барысында Мадияр Елеуұлы біздің ауылдың тұсынан өткен екен. Сол кезде біздің үйде болып, менің анамның қолынан тамақ кеткен жайыда бар еді. Мадияр ағайымызбен бірге қазір археология және этнология кафедрасында жұмыс істейтін, сол жылдары студент болған Талеев Дөкей деген әріптесімде болған.

Кейіннен біздің өңірдегі тарихи ескерткіштерге қатысты арнайы документальді фильм түсірілді. Мадияр Елеуұлы ауылдың шетінде орналасқан Қамқалы көлін, ондағы аққуларды бақылауға кіргізген екен. Сондай-ақ, біздің аудан аумағынан жабайы құландарды түсіре алған. Кейіннен ағамыз «Еділ, фильмнің бітер тұсындағы режиссер, сценарийін жазған адам және оған қатысты басқа да адамдардың есімдерін көрсететін тұстағы көріністер, сенің ауылдағы «Еділ көрінісі» деп есіме салып отыратын. Әрине ауылда 18 жасқа дейін ғана өмір сүрдік. Одан кейін тағдырымыз Алматы қаласында жалғасын табуға. Алайда Мадияр ағайымызбен асықпай мекенде ол кісі біздің өңірдің мен білмейтін жер-су атауларын үнемі айтып отырады. Қазақ еліне де, әкеңнің көзін көрген адам олмесін» деп жатушы еді ғой. Қазіргі кезде кезінде КСРО-ның қолма қолмасыз еткен Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын аудандары қатарында Жамбыл облысының 48 пайызы жерін алып жатқан Мойынқұм ауданында болатын. Қазір біздің аудандық жиырма үш мың ғана адам өмір сүреді екен. Менің туып өскен Кіші Қамқалы ауылым да XX ғасырдың 90 жылдарындағы «дағдарысты» бастан өткізіп, халық жаппай табиғаты қолайлы жерлерді қорғауға қолымыз жетпей қалған болатын. Бүгінде ауылым үш отбасы тұратын «елді мекенге» айналған.

Ауылымда кешік кезінде салынған ғимараттар мен тұрғын үйлердің қаңқалары қалған жұртқа қарап тұрған. Балағандарым кішкентай кезінде ауылымға апарғанда «мынау кезінде мен оқыған мектеп, Мәдениет Үйінің орны, мынау ....» дегенде, балаларым «адамдар қайда кеткен, мынау үйлер қайда қалды? деген сұрақтар қойғанда еріксіз кезінде Мадияр ағайымыздың дәрістерін тыңдап «сол кездегі ортағасырлық қалалар неге қаңырап қалған» деген ойлар есіме оралады. Ал ағайым маған, біздің отбасы мүшелеріне дәріс берген тұлға болып қана қоймай, мен жұмыс істейтін университетте менің ауылымды көрген, менің анамның қолынан дәм татқан адам ретінде есіме сақталып қалған болатын деп қорықпай айта аламын.